

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 42 (894) 31 қазан, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## АЗАТТЫҚ ТАҢЫ АТҚАН КҮН

2022 жылғы 16 маусымда Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнінің мәртебесін қалпына келтіруді және оны 25 қазанда Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды.

«1990 жылғы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл біздің еліміздің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамымыз болды. Республика күні елдің мемлекеттілікке деген батыл қадамының символы болуға тиіс» деді Президент. Республика күні 2009 жылға дейін ұлттық және мемлекеттік мереке ретінде атап өтіліп келді. Декларацияның тарихымыздағы айрықша рөлі Қазақстан алғаш рет өзінің дүниетанымы, жеке салт-дәстүрі, сондай-ақ өзінің болашағы туралы көзқарасы бар бірегей аумақтық субъект ретінде жариялауында.

Осылайша, мереке күнтізбесінде Республика Күнін жаңғырту-бұл жаңа Қазақстан ұрпағының өзінің бастауы мен сабақтастығын мойындауының, тарихи еңбегі мен халқымыздың мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы ерік-жігерін құрметтеуінің символы.

*Республика Күнін жаңғырту - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған нақты қоғамда қордаланған мәселелердің орындалып жатқандығының айғағы болып табылады.*

Мемлекетімізді сақтау, тәуелсіздігімізді баянды ету әділетті Қазақстан құруды талап етіп отыр. Тек әділетті қоғамда халық билік органдарына сенеді. Әділеттілік дегеніміз бұлай қарағанда күрделі ұғым болып көрінгенімен, шын мәнінде заң алдында баршаның теңдігі, әлсіздерге қамқорлық қой. «Қоғам өмірінің барлық саласы заңмен, құқықтық нормалармен реттелетін мемлекет – әділетті мемлекет. Бұндай қоғамда әділеттілік дегеніміз – ең алдымен адалдық» депті қазіргі заманда демократияның үлгісі болып отырған Америка Құрама Штаттарын құрушы саяси қайраткерлердің бірі Бенжамин Франклин.

Әділетті Қазақстанды, Жаңа Қазақстанды әр азамат өзінен бастау керек. Халық өзгеруі керек, халықтың санасы өзгеруге тиіс. Стереотиптерді түбегейлі жойғанда ғана алға қойған мақсат-міндеттерге қол жеткізе аламыз. Әр азамат Жаңа Қазақстанның бір кірпіші екенін сана-сезімімен толық түсінгенде ғана заң үстемдігі толық орнаған ел бола аламыз. Ел санасы, азаматтардың мәдениет-менталитеті, 100 пайыз идеалды заң қабылдасақ та, мемлекет оң жолға түсіп кете алмайды. Еліміздің дамуының басты факторы адами капитал, өйткені ол қандайда болмасын қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі қозғаушы күші болып табылады, сондықтан Ұлттық қордан балаларға қаржылық төлемдер жасалуы мемлекетімізде халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа экономикалық саясаттың жағымды бастамасы. Қазіргі таңда мемлекеттік дамудың жаңа кезеңі мен Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттары жасалуда. Мәселен, конституциялық реформалардың бүкілхалықтық референдум арқылы жүзеге асырылуы халықты мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі екендігін көрсетті. Жаңа Қазақстанды құру – бір күндік процесс емес, ол кешенді жоспарды қамтитын ауқымды іс-шаралар. Қоғам бір күнде жаңарып, өзгеріп кетпейді ол барлық қоғамның бірлесіп атқаратын жұмысы. Азаматтардың белсенділік танытып, референдумға баруы, жыл сайынғы Жолдауларды күтуі халықтың Президентке деген сенімінің белгісі. Халық болашақтан үміт күтеді және сол өзгерістердің болуына мүдделі болғандықтан референдумда өздерінің азаматтық позициясын білдірді. Конституциялық реформалар көптеген жылдар қоғамда қордаланған мажоритарлық жүйе, жер мәселесі, жергілікті өзін-өзі басқару сияқты бірқатар өзекті мәселелерді қамтыды. Жалпы, реформалардың басты мақсаты – жаңа саяси мәдениетті қалыптастырып, саяси белсенділігі жоғары азаматтық қоғам құру. Әділетті қоғамның негізгі принципі де сол. Әр азамат өзінің еркін білдіре алатынын, өзінің заңнамалық тұрғыдан қорғалғанын сезінетін қоғам орнату, міне Жаңа Қазақстанның алғышарты осылар.

**Марат ӨТЕГЕНОВ,**

КХА жанындағы ғылыми-сараптама тобының төрағасы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Қазақстан тарихы және Рухани жаңғыру кафедрасының доценті.



## Республика күнімен!

## ҚАЗАҚСТАН – ТУҒАН ӨЛКЕМ, ҰЛЫ ЕЛІМ!

Қазанның 22 жұлдызында аудандық мәдениет Үйінде мемлекеттік мереке – Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Мереке тәуелсіздік жылдарындағы Тайынша ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы арнайы дайындалған бейнероликпен ашылды.

Аудан әкімі Берік Әлжанов барша жұртшылықты мерекемен құттықтап, мереке құрметіне арналған Баяндама барысында күнтізбедегі Республика күні – мағыналы да мазмұнды, тарихы терең, келешегі кемелді, айтулы мереке екенін ерекше атап өтті.

Марапаттау рәсімін өткізген Берік Ақылжанұлы тайыншалық бірқатар азаматты марапаттады. Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен «Элеватор Тайынша» ЖШС –нің директоры Ш.Ж.Балқыбек, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған Г.С.Сабинова болды. Марапатталғандардың қатарында жас кәсіпкер Ж.К.Капашев және тағы да басқа жерлестеріміз болды. Жиын барысында арнайы сөз алып, Солтүстік Қазақстан облысының полиция Департаменті Ақпараттандыру және байланыс басқармасының бастығы полиция полковнигі Алексей Дементьев баршаны Республика күнімен құттықтады және Тайынша полициясы қызметкерлеріне жоғары марапаттар табыс етті. Медальдар, грамоталар, алғыс хаттар – міндеттерін адал және мінсіз атқарған бірқатар полиция қызметкерлеріне табысталды. Марапатталғандардың қатарында полиция қызметкерінің анасы - Қәдиша Тюлегунова да болды. Баласы полицияның аға



лейтенанты Бауыржан Бақытжанұлы Серік Тайынша аудандық полиция бөлімінде қызмет атқарады. Қылмыспен күресте және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып жүрген баласын лайықты тәрбиелегені үшін полиция департаментінің басқарма бастығы А.Дементьев шынайы ризашылық білдіріп, Республика күніне орай СҚО ПД бастығының бұйрығымен Алғыс хат табыс етті. Қорғаныс істері бөлімінің басшысы Әділ Мұхамбетов жалпы білім беретін мектептер мен Агробизнес колледжінің үздік алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдеріне «Қазақстан Республикасының қарулы күштеріне 30 жыл» медальдарын табыс етті. Сондай-ақ салтанатты жағдайда жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілер жауапты қызметті лайықты атқаруға ант берді, олардың қатарында Амандық ауылдық округінің жаңа әкімі Нариман Қорқытбайұлы Тасымов, аудандық әкімшіліктің бас маманы Г.Құсмаганова және Чкалов ауылдық округінің маманы Д.Шаймуханова да болды.

Облыстық филармония өнерпаздарының көпшілік қауымға ұсынған концерттік бағдарламасы мерекелік кешке жиналғандарға көтеріңкі көңіл сыйлады.

\*\*\*\*\*

25 қазан Республика күні Тайынша қаласының орталық «Достық» алаңында ерекше аталып өтті. Қала Әкімі В.Шпаковский көпшілікті ұлттық мерекемен құттықтап, еліміздің қарыштап дамып, толағай табысқа жетуі халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің жемісі екенін атап өтті. Орталыққа жиналған тайыншалықтар мен арнайы келген меймандар іс-шара барысында әсем ән мен мың бұралған бишілердің өнерін тамашалады, Сонымен қатар, жиналған

Жалғасы 2-3 беттерде.





Республика күнімен!



# ҚАЗАҚСТАН – ТУҒАН ӨЛКЕМ, ҰЛЫ ЕЛІМ!

Басы 1 - бетте.



жұртшылық мерекеге арнайы ұйымдастырылған көрмелерді көріп, ерекше көңіл-күйде болды. Көрмелер мерекенің ажарын аша түсті. Сонымен қатар, жиналған жұртшылық аудандық білім бөлімі мен Ауылшаруашылығы бөлімінің және Ардагерлер кеңесінің жетістіктері мен өнімдерімен танысып, аудан орталығының әлеуметтік-мәдени дамуы жайлы ақпараттардың куәсі болды. «Тайынша таңы» және «Тайыншинские вести» газеттерінің редакция алқасы газет шығарудан басқа шығармашылықтарын көпшілікке ұсынды. Түрлі – түсті кітаптар мен буклеттер, қол өнер жұмыстары шынымен де көздің жауын алды. Ұтыс ойындары да ойналды, арнайы жасалған банерлер мен кітап сәресі газеттердің шығу тарихы мен бүгінгі таңдағы атқарған күнделікті қызметтерінен сыр шертіп тұрды десек артық емес. Еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін. Мереке құтты болсын!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



## РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЖАҢҒЫРҒАН МЕЙРАМ

*Алғашқы ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы «Республика күні» мейрамын қайта жаңғыртып, ұлттық мереке деңгейінде тойлау туралы мәлімдеген еді. Бұл мереке әдетте елдің мемлекеттігі жарияланған күні немесе республиканың ажырамас атрибуты – ел Конституциясы қабылданған күні тойланатын басты мереке саналады. Естеріңізде болса, бұл мейрам біздің елде 2009 жылға дейін 25 қазанда тойланып келген болатын.*

25 қазанда қандай оқиға болды? 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл құжат қабылданған соң мемлекеттік бюджет, халықаралық қатынастардағы дербестік, мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Бірақ бұл құжат еліміздің Кеңес Одағы құрамынан толық шығады дегенді білдірмеді, әйтсе де, декларация еліміздің тәуелсіздігіне жасалған алғашқы нық қадам болды.

Сөйтіп, Республика күнін тойлау үрдісі 1992 жылдан басталды. Алайда мейрам мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана ресми түрде енген еді. 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды. Мереке неліктен ұмытылды?

Ал 2009 жылы «аталған заңға өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгергендіктен, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мерекенің тарихи маңызын алға тартып, қайта жаңғырту керек екенін мәлімдеген соң, 29 қыркүйекте ұлттық мереке ретінде қайта бекіту туралы заңға қол қойды.

– Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек, – деді Тоқаев Ұлытауда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында. Осылайша, бұған дейін ұлттық мереке ретінде тойланып келген 16 желтоқсандағы тәуелсіздік күні мемлекеттік мерекеге ауыстырылды. Президенттің айтуынша, бұл күн күнтізбеде мереке емес, еске алу күні сипатында ерекшеленетін болмақ.

Заңға сәйкес ұлттық мереке ретінде елдің дамуына айтарлықтай әсер еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалар болған күн бекітіледі. Ал мемлекеттік мерекелер «қоғамдық және саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, азаматтар дәстүрлі түрде атап өтетін күндер». Республика күні басқа елдерде қалай тойланады? Республика күні, әуелде айтып өткеніміздей әлемнің көптеген елінде ұлттық мереке ретінде тойланады. Күнтізбеде ерекшеленген бұл күндердің тарихи әр елде әртүрлі.

Мәселен 11 қаңтар Албанияда «Албания Республикасы күні» тойланады. Мереке 1946 жылдан бастап фашистердің орнына келген коммунистік режим Албания Халық Республикасы болып жарияланған кезден атап өтіледі екен.

Ал Пәкістан Ислам Республикасының күні 23 наурызға белгіленген, бұл мейрам 1940 жылы Лахор қарарының қабылдануымен тікелей байланысты.

1950 жылғы 26 қаңтардан Үндістанда «Үндістан Республикасының күні» тойланады.

31 мамыр – Оңтүстік Африка күні елде 1910 жылы Ұлыбританиядан тәуелсіздік алған күнге байланысты атап өтіледі. Оған қоса 1961 жылы сол күні Оңтүстік Африка Республикасының Мемлекеттік Президенті лауазымы енгізілді.

«Италия Республикасы күні» (Festa della Repubblica italiana) – 2000 жылғы 20 қарашада Италия Президенті қол қойған заңға сәйкес белгіленген мемлекеттік мереке. Бұл дата ны тойлау 1946 жылғы 2 маусымда өткен референдумда қабылданған тарихи шешімдерге негізделген.

Мерекені ел тарихынан ерекше орын алатын тұлғаларға байланысты да бекіткен елдер де бар.

Мәселен 17 маусым – «Исландия Республикасының күні» Исландияның Тәуелсіздік қозғалысына үлес қосқан елдің ұлттық батыры Йон Сигурдссонның туған күнінде атап өтіледі.

Ал 1 қазандағы «Қытай Халық Республикасының құрылу күні» елде бес күн бойы атап өтіледі. Бұл күндері Қытай астананың басты көшелері мен алаңдары сан мыңдаған гүл композициясымен безендіріледі, одан бөлек әскери шерулер, концерттер, викториналар, шерулер, үлкен салюттер — мұның бәрі Республика күнінің ажырамас атрибутына айналған.

Түркияда 1923 жылғы 29 қазанда мемлекет конституциясына түзетулер енгізіліп, ел республика деп жарияланды. Бұл оқиға Осман империясының түпкілікті ыдырауына әкелді. «Республика күнінде» мұнда да түрлі-түсті феерикалық шоулар ұйымдастырылады, әскери шерулер өтеді.

Әзірбайжанның республика күні 1918 жылдан бастап 28 мамырда тойланады. Бұл күні Әзірбайжан Демократиялық Республикасы құрылған. Армения да республика күнін тура осы күн, осы жылдан бері атап өтіп келеді.

Ресейде бұл мерекені әр республика әртүрлі уақытта тойлайды және басты мереке саналады.

3 шілде – Беларусь Республикасының күні, бұл сондай-ақ «Беларуссияны азат ету күні», «Тәуелсіздік күні» деп те аталады. Бұл дата Ұлы Отан соғысы кезінде ел аумағының неміс басқыншыларынан азат етілген уақыты ретінде тарихқа енген. Мерекені осы күні тойлау туралы шешім 1996 жылғы референдумда қабылданған. Осылайша еліміздегі ұлттық және мемлекеттік маңызы бар мерекелер саны 10-ға жетті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша  
ноября 2022

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ  
МАҢЫЗДЫ!

САЙЛАУШЫ НЕНІ БІЛУ  
КЕРЕК...

20 қараша – ҚР Президентін сайлау күні. Орталық сайлау комиссиясы сайлауға қатысты тіркеу ережелерін жариялады.

**Сайлаушыларды тіркеу.** Азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін сайлаушының сайлау учаскесі аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеуді жүзеге асыруға уәкілетті органдар әділет органдары болып табылады. **Жеке тұлғалардың тұрғылықты жерін тіркеу:** олардың белгіленген тәртіппен тұрғын үйді меншігіне сатып алғанын растайтын не оны пайдалануға, оның ішінде жалға алу (жалдау), ішінара жалға алу шарты бойынша алғаны туралы куәландыратын; оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге негіздерде, сондай-ақ тұрғын үй меншік иесінің (жалға алушының) жазбаша келісімі бойынша тұрғын үйде тұру құқығын беретін құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. **Азаматтарды тіркеу:** тұрғын үйлерде, пәтерлерде, жатақханаларда, қонақүйлерде; демалыс үйлерінде, шипажайларда, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде; саяжай бау-бақша серіктестіктері мен кооперативтерінің тұрғын үй-жайларында; интернат-үйлерінде, тұрғын үйге ыңғайланған қызметтік ғимараттарда тұрақты тұратын жері бойынша жүзеге асырылады. **Азаматтардың жауапкершілігі**

Азаматтардың жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлік бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жері немесе уақытша келген жері бойынша үш айдан астам мерзім бойы тіркелмей тұруы ескертуге немесе бір айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұлға әкеліп соғады.

**Сайлаушылардың тізімдері.** Сайлауға қатысу үшін қажетті шарт сайлаушылар тізіміне сайлаушылардың енгізілуі болып табылады. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті әкімдік жасайды. Сайлау тағайындалған сәттен бастап әрбір сайлаушы тиісті әкімдікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы. **Сайлауға дейінгі отыз күннен кешіктірмей.**

Егер сізге сайлау күні тіркелген жеріңіз бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігіңіздің болмайтыны белгілі болса, сіз сол жердің әкімдігіне сайлау күні өзіңіз болатын жер бойынша сайлаушылар тізіміне сізді енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылысыз. Дауыс берудің басталуына жиырма күн қалғанда, тиісті әкімдік учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылар тізімдерін ұсынады. Дауыс беру күніне он бес күн қалғанда, сайлаушылардың тізімдері сайлау учаскелерінде танысу үшін сайлаушыларға ұсынылады. Сіз сайлаушылар тізімдеріндегі өзіңіз туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегеніңіз, дұрыс енгізілмегеніңіз немесе тізімнен алынып тасталғаныңыз, сондай-ақ тізімдегі сіз туралы деректерде жаңсақтықтар жіберілгені үшін шағым жасауға құқылысыз.

Тізімдерге түзетулер енгізу қажеттігі туралы өтініштерді учаскелік сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды. Жалпы жұрттың танысуы үшін сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде

Сіз өзіңіздің болу орныңызды ауыстырған кезде өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша учаскелік сайлау комиссиясына жүгінесіз, ол жерде төлқұжатты немесе жеке куәлікті берген кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады. Есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді. Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күні алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша 18 сағатта аяқталады. Дауыс беретін күні дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы сізді келген орныңыз бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАР ӨТКІЗІЛДІ

2022 жылғы 26 қазан мен 28 қазан аралығында Тайынша ауданы Новоивановка ауылында жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша, нақты айтқанда, ірі қара малдың «Асыл» жұқпалы ауруын жою бойынша симуляциялық оқу-жаттығулар өткізілді.



ХЭБ ұсынымдарын орындау мақсатында ауруларды бақылауға жауапты ұлттық ветеринариялық қызметтер Аусыл ауруына қарсы күрестің жаңандық стратегиясын іске асыру аясында өткізілген іс-шара аусыл ауруы пайда болған жағдайда ветеринариялық қызметтің ден қоюға дайындығын растауға, аусыл ауруына қарсы күрестің тиімділігін арттыру арқылы күшейтуге бағытталған.

Аусыл бойынша тәжірибелік жаттығулар Ғылыми-зерттеу институттары, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекциялары, СҚО Әкімдігінің Ветеринария басқармасы өкілдерінің қатысуымен, төтенше жағдайлар, ішкі істер, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, денсаулық сақтау және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің өзара іс-қимылымен өткізілді.

Аңыз бойынша, ауданымыздың аумағында бір сиыр өлген, өлген сиырдан алынған патологиялық материалды зерттеу барысында «А» типті аусыл вирусы анықталған.

Оқу-жаттығуларға барлығы 43 ветеринарлық қызмет қызметкері, 5 бірліктен астам техника жұмылдырылды. Жаттығулар барысында өңделген сұрақтар:

Төтенше жағдай кезіндегі қызметтердің ведомстворалық өзара іс-қимылы.

Аусылдың жұқпалы ауруының пайда болуы, диагностикасы, ақпараттандыру, оқшаулау, жою, алдын алу кезіндегі ұйымдастыру мәселелері, төтенше жағдай кезінде ветеринариялық қызметтің облыстық және аудандық бөлімшелерінің дайындығын тексеру.

Аусылдың жұқпалы ауруы ошағында жою жұмыстарын орналастыру және ұйымдастыру, қолайсыз пункттің шекарасын белгілеу және онда сауықтыру іс-шараларын жүргізу, сондай-ақ қауіп аймағындағы профилактикалық іс-шараларды жүргізуде дала жұмыстарының дағдылары игерілді.

Осы іс-шараның нәтижесінде ауыл шаруашылығы жануарлары мен адамдардың аса қауіпті аурулары пайда болған жағдайда барлық ден қою қызметтерінің дайындығы расталды.

«Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы»

\* \* \* \* \*

НАЛУК BANK МҮЛІКТІ КЕПІЛДЕН ШЫҒАРУ  
БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІ ІСКЕ ҚОСТЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Halyk Bank –пен бірлесіп, blockchain технологиясы арқылы жылжымайтын мүлікті кепілден шығару процесін жеңілдетті. Енді банк клиенттері мүлікті ХҚО-ға бармай-ақ кепілден алып тастай алады.

Halyk Bank клиенттері мүліктен кепілді алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінбеуіне болады. Бұл blockchain технологиясын енгізу арқылы жүзеге асырылады.

«Азаматтар мүлікті кепілден шығару бойынша өтінімді «Halyk Homebank» мобильді қосымшасында рәсімдеп, төлем жасай алады. Жаңа сервис қызмет көрсету мерзімін үш күннен 5 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Яғни құжаттарды жинаумен әуреленіп, ХҚО-ға жүгінудің қажеттілігі жоқ», - деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Басқарма төрағасының орынбасары Асхат Ибраев.

Айта кетейік, Blockchain технологиясының арқасында азаматтардың ХҚО қызметкерлерімен бетпе-бет байланысы да шектелді, бұл деректерді үшінші тұлғаға өткізудің жолын жояды.

Жылжымайтын мүлікті кепілден шығару қызметі қазақстандықтар арасында ең жиі сұралатын қызметтердің бірі екенін жеткіземіз. 2022 жылдың 9 айында Қазақстанда 108 341 мүлік кепілден алынып тасталды.

Биыл маусым айында Мемлекеттік корпорация «Отбасы банкімен» бірігіп, осыған ұқсас онлайн сервисі енгізген болатын. Бүгінде жүйенің көмегімен 600-ге



жуық жылжымайтын мүлік кепілден шығарылды.

Еске салайық, Мемлекеттік корпорацияның екінші деңгейлі банктермен ынтымақтастығы аясында азаматтар тұрғылықты жері бойынша тіркелу, автокөлікті қайта ресімдеу, ЖК куәлігін алу, жүргізуші куәлігін ауыстыру, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, туу туралы куәлік және басқа да қажетті құжаттарды үйден шықпай-ақ ала алады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» **КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі**

\* Адам.Қоғам. Заң

\* Руханият

## «САНАЛЫ ҰРПАҚ» КЛУБЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ АТА-АНАЛАРЫНА АЛҒЫС ХАТТАР...



Балалар мен олардың ата-аналарын «Antikor ortalygy» сервистік орталығының залында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Сергей Перов қарсы алды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең – бала отбасында тәрбиеленіп, қоршаған әлемді білгенде. Екінші кезең – мектеп кезеңі. Мұнда адамгершілік мәдениеті қалыптасады, мысалы: ар-намыс, қадір-қасиет, мейірімділік, адалдық, әділдік. Үшінші кезең – студенттік өмір. Осы кезеңде қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлыққа қатысты белсенді өмірлік ұстаным қалыптасуда.

Сергей Перов қоғамда адамгершілік құндылықтарды жан-жақты қалыптастырудың, басқа адамдарға өз Отанына адалдық пен адалдықтың үлгісін көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

Өзін терең ойлауға, қиындықтарды жеңуге, командада жұмыс істеуге, оның ішінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-әрекетте өзін көрсете білген балаларды тәрбиелегені үшін шын жүректен алғысын білдірді.

«Сіздің қолдауыңыздың, түсінігіңіздің арқасында біз жастарды білім мен адал еңбекке деген күш пен ұмтылысқа толы етіп тәрбиелей аламыз», - делінген алғыс хатта.

Сонымен қатар, республика күніне орай Солтүстік Қазақстан университетінің комплаенс-қызметінің, «Жастар рухы» СҚОФ, Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің сарапшысы Иманғали Татваевтың еңбегі ризашылықпен атап өтілді.

**Е. ӘУБӘКІРОВА,**

облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бас маманы

\* \* \* \* \*

## ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕНДЕРДЕГІ САТЫП АЛУЛАР

Интернет арқылы сатып алынған сатып алулардың көптеген артықшылықтары бар: уақытты үнемдеу, кең таңдау, бағаны бақылау және салыстыру мүмкіндігі. Көптеген жағдайларда интернет-дүкендерде тауарлар әдеттегі дүкенге қарағанда әлдеқайда арзан, тиімді акциялар жиі өткізіледі және жеңілдіктер беріледі. Иә, шынымен де интернет-дүкендер дәстүрлі дүкендерге қарағанда тезірек және ыңғайлы. Бірақ, өкінішке орай, интернет-дүкендерде тауарларды сатып алу мәселелерін қарастыра отырып, туындауы мүмкін проблемаларды елемеге болмайды. Өкінішке орай, ондай проблемалар туындайды. Жалпы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің атына келіп түсетін электрондық сауда бойынша шағымдардың саны жылдан жылға артып келеді, негізінен, тұтынушылар тиісті және тиісті емес сападағы тауарды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тартуға, тауарды жеткізу мерзімдерінің бұзылуына, ақшалай қаражаттың қайтарылуына, жеткізілген тауардың сипаттамаға сәйкес келмеуіне, тауар мен сатушы туралы ақпараттың болмауына шағымданады. Ағымдағы жылдың 8 айында департамент мекенжайына 16 тұтынушы «Вайлдберриз» ЖШС интернет-дүкенінің тиісті де, тиісті емес те сападағы қайтарылған тауары үшін ақшалай қаражатты қайтаруға көмек көрсетуді сұрап жүгінді. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңда егер тауар пішіні, өлшемі, түсі, мөлшері немесе жиынтығы бойынша сәйкес келмесе, тұтынушының тиісті сападағы тауарды қайтару құқығы көзделген. Негізгі шарт, егер ол пайдаланылмаған болса, оның презентациясы, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, зауыттық белгілері сақталса, тауарды қайтару жүзеге асырылады. Сатып алушы тауарды бергеннен кейін 14 күн ішінде кез келген уақытта тауардан бас тартуға құқылы. Егер тұтынушы сатып алынған тауардағы ақауды байқаса, оған оны ауыстыру, жөндеу, жеңілдік алу немесе жұмсалған қаражатты кері қайтару құқығы беріледі, «Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау туралы» ҚР заңында бұл 15 және 30-баптармен бекітілген. Бұдан басқа, интернет-дүкеннің веб-сайтында «тауарды жеткізу және қайтару» 9-бөлімінің 9.11-тармағында орналастырылған «Вайлдберриз» ЖШС сауда алаңын пайдалану қағидаларында сатып алушы тауардан бас тартқан жағдайда сатушы оған тауарды қайтарған және тиісті тауарды ұсынған күннен бастап 7 күннен кешіктірмей соманы қайтаруы тиіс деп атап көрсетілген.

Алайда, тұтынушылар «Вайлдберриз» ЖШС-інен бірнеше ай бойы ақшалай қаражаттың қайтарылуын күтіп, өз құқықтарын қорғау үшін біздің департаментке жүгінуге мәжбүр болды. Департамент Wildberries интернет-дүкенінің байланыс орталығының өкілдеріне келіссөздер жүргізу арқылы интернет-дүкен қызмет көрсеткен кезде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес тұтынушылардың құқықтары мен сатушының міндеттері, тұтынушы тиісті емес сападағы тауарды қайтарғаны үшін өзара есеп айырысуды жүргізуді түсіндірді. Нәтижесінде департаментке жүгінген барлық тұтынушыларға интернет-дүкен жалпы сомасы 380 мың теңгенің ақшалай қаражатын қайтаруды жүзеге асырды.

Егер осындай ұқсас жағдай туындаса, тұтынушы сатушыға жазбаша шағыммен жүгінуге керек. Сатушы тұтынушының шағымын алған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде оны қарауға міндетті. Егер сатушы шағымға 10 күн ішінде жазбаша жауап бермесе немесе бұзушылықтарды жоюдан және тұтынушылық дауды сотқа дейінгі тәртіппен қараудан бас тартса, тұтынушы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне немесе тұтынушылық дауды сотқа дейін реттеу субъектісіне хабарласуға, сондай-ақ, бұзылған құқықтарды қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

**С. ЗАНЕГИНА,**

Ақмола облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы.

## БІЗ БАЙРАҒЫН БИІК ҰСТАҒАН БАБАЛАРДЫҢ ҰРПАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Республика күнімен құттықтады. Расында тәуелсіз елдің тарихында ел егемендігі туралы Декларацияның жөні бөлек. Ақиқатқа көз жеткізсек, мемлекеттік егемендік туралы декларация – дербестігімізді айғақтаған және тәуелсіздігіміздің құқықтық негізін қалаған аса маңызды құжат. Елдік пен еркіндік жолында тарихи шешім қабылданған күнді ұлттық мерекеге айналдыру – отаншылдық рухымызды асқақтатар ұтымды қадам. Алдағы уақытта бұл күннің қадір-қасиеті одан әрі артып, азаттығымызды айшықтайтын нағыз жалпыхалықтық мереке боларына ешқандай күмәніміз жоқ. Расында да уақыт тарихи оқиғаны өшіре алмайды. Мемлекет басшысы құжаттың маңыздылығын ескере отырып, қастерлі күнді тарихқа қайта оралтты.

– Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қастерлі Тәуелсіздігімізге жол ашты. Сондықтан бұл тарихи құжаттың мән-маңызы зор. Біз биылдан бастап, Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтеміз. Осы бастама жұрттың кең қолдауына ие болып, дәстүрге айналарына сенімдімін. Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар! Көктуымыз – егемендік, азаттық, бірлік, бейбітшілік сынды ізгі құндылықтарды ұштастыратын қастерлі рәміз. Біз – байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Сондықтан ту көтеру рәсімі ұлттық мерекенің маңызын арттырады. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз – айқын, мақсатымыз – ортақ. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір, – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнімен халықты құттықтауында. Тарихи күні аспанымдату көтерурәсімі болып өтті. Бұл республикамыздың барлық аймағында көрінді. Автошерулер ұйымдастырылып, қастерлі көк тұрухымызды оятты. – Бұл – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күн. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Тәуелсіздігіміздің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Бір сөзбен айтсақ, Декларация – еліміздің Тәуелсіздік алуына жол ашқан ақжолтай құжат, – деді Мемлекет басшысы. Президенттің айтуынша, егемендікке бастайтын қасиетті жолды халқымыз ұзақ жылдар бойы жүріп өтті. Ел ағалары мен зиялылар ұлттың санасын сақтау үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Ұлтымыздың азаттыққа деген ұмтылысы Желтоқсан оқиғасында айқын көрінді. Егемендік декларациясын халқымыздың жан-жақты және ұзақ жылғы күресінің нәтижесі деуге болады. – Мен Ұлытауда өткен алқалы жиында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсындым. Оны Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтердім. Бұл бастама халықтың кең қолдауына ие болып, тиісті заңға өзгеріс енгізілді. Биылдан бастап, Республика күні – ұлттық мереке. Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам, – деді Президент. Қазір Қазақстанның әрбір азаматымы мемлекеттік рәмізге құрметін сүйіспеншілікпен көрсете алады. Бүгінде байрағымызды қоғамдық жерлерде және жекеменшік орындарда қоюға еш тыйым жоқ. – Біз домбыраға әр қазақтың төрінен орын бар дейміз. Бұл – дұрыс. Сол сияқты еліміздің әр отбасында көк байрағымыз тұрса, өте жарасымды болатыны сөзсіз. Біздің туымызда халқымыздың бүкіл рухы көрініс тапқан, – деді Президент қасым-Жомарт Тоқаев. Рас, көк тудың желбірегені, жаныма қуат береді.

**Берік БЕЙСЕНҰЛЫ,** «Ана тілі»





